

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2026)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/BGQF1973>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Искакова З. С., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BGQF2001>**Ф. Ш. Оразбаева¹, *А. Д. Рысқұлова²**^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4947-1933>²ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-2565-9714>*e-mail: ainagulr@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ГЕНЕРАТИВТІ СЕМАНТИКАЛЫҚ РӨЛДЕРДІҢ КОГНИТИВТІК-ГРАММАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕРІ

Бұл мақалада қазақ тіліндегі генеративті семантикалық категориялардың когнитивтік-грамматикалық модельдері кешенді түрде талданады. Зерттеудің мақсаты – сөйлем құрылымында қызмет атқаратын негізгі семантикалық рөлдердің (агенси, пациенс, бенефициар, каузатив, локатив, темпорал) ұғымдық репрезентациясын анықтау және олардың прагматикалық-функционалдық ерекшеліктерін сипаттау. Нысан ретінде Қазақ ұлттық корпусы мен әртүрлі жанрдағы жазба мәтіндерден іріктелген 3 000-ға жуық сөйлем алынды. Зерттеу әдістемесі үш кезеңге бөлінді: алғашқы кезеңде когнитивтік-грамматикалық талдау негізінде семантикалық рөлдердің морфо-синтаксистік таңбалану үлгілері жүйеленді; екінші кезеңде генеративті семантика аясында ұғымдық құрылым мен синтаксистік проекция арасындағы сәйкестік схемасы жасалды; үшінші кезеңде отандық (А. Байтұрсынұлы, Ж. Манкеева, О. Жұбаева, Ш. Құрманбайұлы) және шетелдік (N. Chomsky, C. Fillmore, R. Jackendoff) зерттеулер салыстырмалы-концептуалдық негізде сараланды. Нәтижесінде қазақ тіліндегі семантикалық рөлдердің морфо-синтаксистік ерекшеліктері, ұғымдық негіздері және ұлттық таныммен байланысы анықталды. Атап айтқанда агенси пен каузатив рөлдері көбіне атау және шығыс септіктерімен, ал пациенс пен бенефициар табыс пен барыс септіктерімен таңбалаынады; локатив пен темпорал рөлдер үстеулер, деривациялық аффикстер және нысықтауыштық құрылымдар арқылы беріледі. Ұсынылған құрылымдық-когнитивтік модель семантикалық рөлдерді

жүйелеуге, сөйлем құрылымын ұғымдық деңгейде сипаттауға және болашақ автоматтандырылған тіл өңдеу технологияларында қолдануға теориялық негіз бола алады.

Кілтті сөздер: семантикалық рөлдер, когнитивтік модель, сөйлем құрылымы, морфо-синтаксис, генеративті семантика, ұғымдық репрезентация, қазақ тілі, тілдік таңбалану.

Кіріспе

Қазіргі таңда тіл біліміндегі басты үрдістердің бірі – когнитивтік және нейролингвистикалық бағыттардың тоғысуы арқылы семантикалық жүйелерді жаңаша ғылыми тұрғыда зерделеу. Бұл бағыттар тілдің құрылымдық аспектілерінен тыс, оны адамның ойлау жүйесі, танымдық әрекеті және ментальды репрезентациясының негізгі құралы ретінде қарастыруға бағытталады. Тіл мен сана, тіл мен ойлау арасындағы өзара байланыс мәселесі осы ғылыми бағыттардың өзегіне айналып, тілдік бірліктердің мағынасы санада қалай қалыптасып, құрылымдалатыны туралы тұжырымдарды жетілдіруге мүмкіндік беріп отыр.

Адам факторы мен тіл арасындағы байланысты зерттеу барысында антропоэзеттік, когнитивтік және прагматикалық лингвистика тұжырымдамалары өзара тоғысып, күрделі тілдік феномендерді кешенді талдауға жол ашты. Осы ғылыми-теориялық негіздер қазақ тілін зерттеу саласында да белсенді қолданыла басталды. Атап айтқанда қазақ тілінің морфо-синтаксистік құрылымдарын когнитивтік тұрғыдан сипаттап, сөйлеу актісіндегі мағыналық репрезентацияларды зерделеу қажеттілігі қазіргі зерттеулерде жиі көтеріледі [1, 58-б.]. Бұл ретте қазақ тіліндегі генеративті семантикалық құрылымдарды когнитивтік-грамматикалық және нейролингвистикалық модельдер негізінде зерттеу отандық лингвистикада тың бағыттардың бірі.

Когнитивтік және генеративтік тіл білімінің тоғысында тіл мен сананың арақатынасы туралы іргелі еңбектер дүниеге келді. Джордж Лакофф пен Марк Джонсонның «метафора арқылы тану» тұжырымдамасы бойынша, адам санасындағы ұғымдар жүйесі тіл арқылы құрылымдалып, метафоралық модельдермен бейнеленеді [2, 3-б.]. Бұл тілдің тек ақпарат тасымалдаушы ғана емес, адамзаттың концептуалды жүйесінің көрінісі екенін дәлелдейтін маңызды тұжырым. Р. Джекендофф семантикалық құрылымның санада бейнеленуін когнитивтік модельдеу арқылы сипаттап, ұғымның тек жеке сөздерге емес, тұтас сөйлем құрылымына тиесілі когнитивтік конструкция екенін атап көрсетеді [3, 9-б.]. Ал Н. Хомскийдің генеративті семантика теориясы терең және үстірт құрылым ұғымдарын негізге алып, сөйлем мағынасының когнитивтік репрезентациядан туындайтынын дәлелдейді [4, 16-б.].

Когнитивтік ғылым мен нейролингвистика шеңберіндегі зерттеулер тілдің нейробиологиялық негізін де қарастырады. Э. Федерен мен Дж. Доутидің fMRI технологиясын қолдану арқылы жүргізілген еңбектерінде ұғымдардың ми қабаттарында қалай өңделетіні сипатталады [5, 145-6.]. Бұл зерттеулер тіл мен ойлау әрекеттерінің тек теориялық емес, физиологиялық негізі барын көрсетеді.

Адамзаттың тілдік және когнитивтік тәжірибесі негізінде қалыптасатын дүниенің танымдық моделі – ғаламның тілдік бейнесі – когнитивтік лингвистиканың негізгі нысандарының бірі. Адам қоршаған ортаны тіл арқылы танып, бағалап, құрылымдайды. Танымдық тәжірибе санада жинақталып, тіл арқылы сыртқы формада көрініс табады. Бұл үрдіс когнитивтік лингвистикада тіл мен ойлаудың бірлігі ретінде қарастырылса, генеративтік семантикада мағынаның терең құрылым деңгейінде қалай қалыптасатынын түсіндірумен байланысты [6, 102-6.].

Ғалам бейнесінің құрылымдық типологиясы бойынша В. И. Постовалова оны тікелей және жанама деп бөліп қарастырды: тікелей бейне – болмыстың сезім мүшелері арқылы қабылдануы, ал жанама бейне тілдік таным мен ұжымдық жадының нәтижесінде қалыптасады [6, 108-6.]. Осы ғылыми тұжырымдарға сәйкес, семантикалық рөлдер сөйлем құрылымында әрекет пен қатысушылар арасындағы қатынасты бейнелейтін мағыналық категориялар ретінде зерттеу нысанына айналуға. Атап айтқанда агенс, пациенс, бенефициар, каузатив, локатив, темпорал секілді рөлдер сөйлемнің мағыналық құрылымын айқындайды әрі санада әрекетті ұйымдастырушы ұғымдық тетіктердің бірі ретінде қызмет етеді. Бұл рөлдер арқылы сөйлемнің логикалық мазмұны мен прагматикалық мәні жүзеге асырылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу нысаны – қазақ тіліндегі сөйлем құрылымдарында кездесетін семантикалық рөлдердің (агенс, пациенс, бенефициар, каузатив, локатив, темпорал) морфо-синтаксистік және когнитивтік таңбалану ерекшеліктерін анықтау. Зерттеу мақсаты – семантикалық рөлдердің құрылымдық-когнитивтік моделін жасау және олардың репрезентациясын ғылыми тұрғыдан сипаттау. Материал ретінде Қазақ ұлттық корпусы мен түрлі жанрдағы мәтіндерден алынған шамамен 3000 сөйлем пайдаланылды. Деректер семантикалық рөлдердің көрінісін толық қамтитындай етіп іріктеліп, морфо-синтаксистік құрылымына қарай топтастырылды және алдын ала кодталды.

Зерттеу әдістері үш негізгі кезеңге негізделді.

Когнитивтік-грамматикалық талдау семантикалық рөлдердің морфологиялық және синтаксистік таңбалану үлгілерін анықтауға бағытталып, сөздердің орын тәртібі, септік жалғаулары, етістік түрлері мен сөйлем мүшелері арасындағы байланыстарды сипаттауға мүмкіндік береді.

Генеративті модельдеу Н. Хомский, Р. Джекендофф және Ч. Филлмор еңбектеріне сүйене отырып, терең және үстірт құрылым арасындағы сәйкестікті, сондай-ақ ұғымдық репрезентация мен синтаксистік проекцияның арақатынасын айқындауға бағытталады.

Салыстырмалы-концептуалдық талдау отандық (А. Байтұрсынұлы, Ж. Манкеева, О. Жұбаева) және шетелдік теориялардың ұстанымдарын салыстыруды көздейді. Бұл әдіс семантикалық рөлдердің ұлттық дүниетаныммен байланысын ашуға мүмкіндік береді.

Қосымша әдістер ретінде құрылымдық-лингвистикалық талдау, мазмұндық талдау, когнитивтік модельдеу және SPSS Statistics бағдарламасымен жиілік талдауы қолданылды. Бұл әдістер зерттеудің эмпирикалық және теориялық негізін толықтырды.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу барысында қазақ тіліндегі 3000-ға жуық сөйлемге генеративті-когнитивтік модель негізінде семантикалық рөлдік талдау жүргізілді. Мәтіндік материалдар Қазақ ұлттық корпусы, көркем әдебиет үлгілері және жазба медиамәтіндерден алынды. Зерттеу нәтижесінде әрбір семантикалық рөлдің морфо-синтаксистік және когнитивтік таңбалану ерекшеліктері, прагматикалық қызметі және сөйлем мүшелерімен байланысы айқындалды.

Агнс және каузатив рөлдері

Агнс (іс-әрекетті орындаушы) – сөйлем құрылымындағы негізгі семантикалық рөлдердің бірі. Қазақ тілінде агнс рөлі көбінесе атау септігіндегі бастауыш арқылы таңбаланады. Сөйлем құрылымында етістік осы агнс субъектінің әрекетін нақтылап көрсетеді, ал контекст әрекеттің жүзеге асу ерекшелігін айқындайды.

Мысалы:

Мұғалім оқушыларды марапаттады.

Бұл сөйлемде «мұғалім» сөзі әрекетті орындаушы, яғни агнс рөлін атқарып тұр. Ол грамматикалық тұрғыдан бастауыш қызметін атқарып, сөйлемнің негізгі әрекетін жүзеге асыратын субъект ретінде танылады. Семантикалық және когнитивтік тұрғыдан бұл сөз тыңдаушының санасында әрекеттің белсенді субъектісі туралы нақты түсінік қалыптастырады.

Каузатив рөлі сөйлемде әрекеттің пайда болуына себеп болған жағдайды, құбылысты немесе субъектіні білдіретін семантикалық категория ретінде көрінеді. Каузатив рөлдегі сөз не тіркес тікелей әрекетке қатыспаса да, оның орындалуына түрткі немесе ықпал еткен себепті көрсетеді. Қазақ тілінде каузатив рөлі төмендегідей формалар арқылы таңбаланады:

- шығыс септігінің жалғаулары арқылы (-дан/-ден, -нан/-нен);
- себеп-салдар мағыналы шылаулар арқылы («салдарынан», «арқасында»);

- мезгілдік және шарттық мәндегі сөз тіркестері арқылы.

Мысалдар:

Жаңбырдан кейін көшелер суға толды. Жол апатынан сабақ тоқтатылды. Бұл сөйлемдерде «жаңбырдан кейін», «жол апатынан» тіркестері каузатив рөлінде қолданылған. Олар әрекеттің себеп-салдарлық мәнін білдіріп, әрекеттің орындалуына тікелей емес, жанама себепші болған құбылысты көрсетеді.

Каузатив рөл сөйлемнің ішкі логикасын қалыптастыруда маңызды. Ол мәтін мазмұнындағы оқиғалар мен әрекеттердің себеп-салдарлық байланысын анықтап, тыңдаушыға түсінікті етіп жеткізуге көмектеседі. Құрылымдық-когнитивтік тұрғыда қазақ тіліндегі агенс пен каузатив рөлдердің өзара байланысы мынадай түрде көрінеді:

[Каузатив (себеп-салдар пысықтауышы) → Агенс (бастауыш) → Етістік (баяндауыш)]

Мысалы:

Боран салдарынан мектеп жабылды. Бұл сөйлемде «боран салдарынан» тіркесі әрекеттің себебін білдіріп, каузатив рөлінде тұр. Ал «мектеп» формалды субъект ретінде қабылданып, әрекеттің нәтижесіне қатысты объектіні білдіреді. Мұндай құрылымдар қазақ тілінің агглютинативті сипаты мен еркін сөз тәртібі арқасында әртүрлі контексте түрлі формада көрінеді. Семантикалық рөлдердің осылайша айқын ажыратылуы сөйлем мағынасының логикалық құрылымын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Пациенс және бенефициар рөлдері

Пациенс – сөйлемде орындалған әрекеттің тікелей бағытталған объектісін білдіретін семантикалық рөл. Қазақ тілінде пациенс көбінесе табыс септігіндегі тура толықтауыш арқылы беріледі. Бұл рөл етістікпен тығыз байланыста болып, қимылдың кімге немесе неге қатысты орындалғанын нақтылайды.

Мысал:

Базаралы Абайды құшақтады. (Мұхтар Әуезов, Абай жолы) Осы мысалда «Абайды» сөзі әрекеттің тікелей әсеріне ұшыраған тұлға ретінде пациенс рөлінде тұр. Пациенс рөлі сөйлемнің мағыналық және құрылымдық тұтастығын қамтамасыз етіп қана қоймай, сөйлем ішіндегі семантикалық акцентті де айқындайды.

Қазақ тілінің агглютинативтік сипаты бұл рөлді септік жалғаулары арқылы ғана емес, сөздердің сөйлемдегі орын тәртібі арқылы да жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы: «Кітапты бала қызыға парақтады» және «Бала кітапты қызыға парақтады» сөйлемдерінде пациенс рөліндегі «кітапты» сөзі екі түрлі позицияда орналасқанымен, семантикалық рөлі өзгермейді, тек сөйлемнің ақпараттық акценті ауысады.

Бенефициар – сөйлемде әрекеттің кімнің пайдасына, кімге арналып немесе қандай мақсатпен орындалғанын білдіретін семантикалық рөл.

Қазақ тілінде бұл рөл көбінесе барыс септігіндегі жанама толықтауыш арқылы беріледі.

Мысалдар:

Абай Ерболға қарап жымыып күлді. (Мұхтар Әуезов, Абай жолы) Бұл сөйлемде «Ерболға» сөзі бенефициар рөлінде тұр. Мұнда әрекет (жымыып күлу) кімге бағытталғаны осы компонент арқылы нақты көрінеді.

Пациенс пен бенефициардың сөйлем құрылымындағы өзара байланысын төмендегі когнитивтік схема арқылы көрсетуге болады:

[Агенс (бастауыш, атау септік) → Етістік (баяндауыш) → Пациенс (тура толықтауыш, табыс септік) → Бенефициар (жанама толықтауыш, барыс септік)]

Мысалы:

Оспан Дәрменге домбырасын ұстатты. (Мұхтар Әуезов, Абай жолы) Мұнда «Оспан» – агенс (қимылды орындаушы субъект), «домбырасын» – пациенс (қимылдың объектісі), «Дәрменге» – бенефициар (қимылдың бағытталған субъектісі).

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер мен тұрақты тіркестерде де бұл рөлдер жиі көрінеді. Мысалы, «көзін ашты» тіркесінде бір мезгілде әрі бенефициар, әрі пациенс мағынасы байқалады: әрекеттің әсері мен пайдасы бір объектіге бағытталған.

Қорыта айтқанда, пациенс және бенефициар рөлдері сөйлемнің мағыналық әрі прагматикалық мазмұнын нақтылауға мүмкіндік береді. Бұл семантикалық рөлдердің грамматикалық және семантикалық ерекшеліктерін тану сөйлемдегі коммуникативтік қатынастарды айқын әрі дәл түсіндіруге жағдай жасайды. Әсіресе қазақ тіліндегі әдеби мәтіндерден алынған мысалдар бұл рөлдердің табиғи қолданысын және мағыналық тереңдігін айшықтайды.

Локатив және темпорал рөлдері

Қазақ тіліндегі сөйлем құрылымында локатив және темпорал рөлдер семантикалық тұрғыдан әрекеттің өту орны мен болу уақытын нақтылауға бағытталады. Бұл рөлдер көбінесе пысықтауыш қызметінде көрініс тауып, сөйлемнің мағыналық кеңістігін толықтырып, әрекетке байланысты кеңістіктік және хронологиялық сипаттамаларды береді.

Локатив рөлі іс-әрекеттің жүзеге асатын орнын білдіреді. Қазақ тілінде бұл рөл жатыс, шығыс, көмектес септіктері арқылы, сондай-ақ үстеулер мен көмекші құрылымдар арқылы таңбаланады. Локатив рөлі сөйлемде мекен пысықтауыш қызметін атқарып, әрекеттің шекарасын нақтылайды.

Мысалдар:

Кітапханада оқиды. («кітапханада» – жатыс септігімен берілген локатив рөлі.) Мектептен кеш шықты. («мектептен» – шығыс септігінде тұрған локатив.) Ол ауылмен қоштасты. («ауылмен» – көмектес септігі арқылы таңбаланған кеңістіктік қатынас.)

Кейбір жағдайларда локативтік мағына фразеологиялық тіркестер арқылы да беріледі. Көңілінде із қалдырды. Бұл сөйлемде «көңілінде» ішкі психологиялық кеңістікті білдіретін метафоралық локатив рөлінде қолданылады.

Темпорал рөлі сөйлемде әрекеттің мерзімін, уақыт аралығын, кезеңін білдіреді. Ол үстеулер, уақыт мәнді сөз тіркестері және тәуелсіз уақыттық құрылымдар арқылы беріледі. Темпорал рөл көбіне мезгіл пысықтаушы түрінде қатысады.

Мысалдар:

Таңертең келді. («таңертең» – нақты уақытты білдіретін темпорал рөлі.)
Сабақтан кейін үй тапсырмасын орындады. («сабақтан кейін» – темпорал рөліндегі шылаулы құрылым.) Жыл сайын фестиваль өтеді. («жыл сайын» – үстеу арқылы берілген темпорал мағына.)

Темпорал рөлі кейде салыстырмалы уақытты көрсету үшін де қолданылады. Көктемде гүлдер ерекше әдемі. Мұнда «көктемде» – уақыт кезеңін көрсететін темпорал рөлі.

Локатив және темпорал рөлдер кейде бір сөйлем ішінде қатар көрінеді. Бүгін мектепте жиын өтеді. Бұл сөйлемде «бүгін» – темпорал рөлі, «мектепте» – локатив рөлі. Екі рөлдің қатар келуі қимылдың толық контекстік сипаттамасын қамтамасыз етеді.

Құрылымдық-когнитивтік модель төмендегідей түрде ұсынылады:

[Темпорал (мезгіл пысықтауыш, үстеу/септік) → Локатив (мекен пысықтауыш, септік) → Агенс (бастауыш, атау септік) → Етістік (баяндауыш)]

Мысал:

Таңертең кітапханада студент сабаққа дайындалды. Мұнда «Таңертең» – темпорал, «кітапханада» – локатив, «студент» – агенс, «дайындалды» – әрекетті білдіретін етістік.

Салыстырмалы-концептуалдық талдау

Ұсынылған құрылымдық-когнитивтік модель Н. Хомскийдің терең құрылым теориясымен үндеседі. Бұл теорияға сәйкес сөйлеу санада когнитивтік деңгейде ұйымдастырылып, кейін тілдік таңбалану арқылы жүзеге асады [4, 16-б.]. Қазақ тілінде бұл үдеріс интонация, сөз тәртібі, морфологиялық көрсеткіштер және контекст арқылы көрініс табады.

Ч. Филмордың рөлдік грамматикасы мағыналық рөлдердің синтаксистік көріністерін талдауға мүмкіндік береді [7, 28-б.]. Әсіресе фрейм семантика әдісі бенефициар мен каузатив рөлдердің контекстік мәнін ашуға бағытталған. Ал Р. Джекендофф семантикалық құрылым мен синтаксистік проекция арасындағы байланысты когнитивтік модель арқылы түсіндіреді және мағыналық рөлдерді кеңістік, әрекеттік және мақсаттық жүйе аясында қарастырады [3, 9-б.].

Қазақ тіліне келсек, ол агглютинативті құрылымы арқылы семантикалық рөлдерді морфологиялық құралдармен (септік жалғаулары, шылаулар) белгілейді. Икемді сөз тәртібі мен септік жүйесі синтаксистік қызметті нақтылауға негіз болады [6, 102-б.].

Агенс атау септігінде келіп, сөйлемдегі әрекет иесін анықтайды. Мысалы, «Ана балаға бата берді» сөйлемінде агенс – «ана». Пациенс табыс септігінде тұрып, қимылдың нысанын көрсетеді; «Кітапты оқыды» сөйлеміндегі «кітапты» – пациенс рөлінде. Бенефициар қимылдың кімге бағытталғанын білдіреді. Бұл рөл «Досына хат жазды» және «Ол үшін айтты» үлгілерінде байқалады. Каузатив себеп пен салдар арасындағы байланысты ашуға қызмет етеді; «Жаңбыр жауды – жер көгерді» құрылымында алғашқы әрекет кейінгі нәтижеге негіз болатын себеп ретінде көрінеді.

Аталған модель қазақ тіліндегі сөйлемдердің мағыналық құрылымын жүйелеуге мүмкіндік береді. Ол генеративтік грамматика, когнитивтік лингвистика және рөлдік семантика теорияларын кіріктіре отырып, сөйлеу әрекетін лингвистикалық, психологиялық және мәдени тұрғыда сипаттауға жағдай жасайды [3, 42–45-бб.; 4, 27-б.].

Бұл ұстанымдар отандық зерттеушілер еңбектерінде де көрініс табады. А. Байтұрсынұлының функционалдық синтаксисі сөйлем мүшелерінің қызметтік рөлін дәл сипаттайды [1, 114-б.]. Ж. Манкееваның концептуалдық модельдер мен когнитивтік өрістерге негізделген еңбектері ұлттық таным мен тілдік репрезентация арасындағы байланысты ашады [6, 102-б.]. Ал О. Жұбаева қазақ тіліндегі мағыналық құрылымдарды когнитивтік семантика негізінде сипаттап, ұлттық дүниетаным мен ұғымдық жүйелерді тіл арқылы модельдеуге назар аударады.

Жалпы алғанда, ұсынылған салыстырмалы-концептуалдық талдау қазақ тілінің ұғымдық, грамматикалық және мәдени ерекшеліктерін когнитивтік модель арқылы түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл тіл мен сананың өзара байланысын ашып, ұлттық ойлау жүйесінің құрылымын тануға жол ашады.

Қазақ тіліндегі құрылымдық-когнитивтік ерекшеліктер

Қазақ тілі – агглютинативті тіл, сондықтан семантикалық рөлдер морфологиялық құралдар (септік жалғаулары, шылаулар) арқылы айқындалады. Бұл тілде сөздердің орын тәртібі икемді, сондықтан синтаксистік қызмет көбіне септік жүйесі арқылы нақтыланады.

Агенс көбіне атау септігінде келіп, сөйлемдегі әрекет иесін білдіреді. Мысалы, «Ана балаға бата берді» сөйлемінде агенс – «ана». Пациенс әдетте табыс септігінде тұрып, қимылдың нысанын білдіреді; «Ол кітапты оқыды» және «Кітапты оқыды» сөйлемдерінде «кітапты» сөзінің позициясы өзгергенімен, пациенс рөлі сақталады. Бенефициар барыс септігіндегі жанама толықтауыш немесе шылаулы тіркес арқылы беріледі. Бұл рөл «Хат досына

жазылды» және «Ол үшін айтты» тәрізді құрылымдарда анық көрінеді. Каузатив себеп-салдарлық конструкциялар арқылы таңбаланады; «Жаңбыр жауды – жер көгерді» мысалында алғашқы оқиға кейінгі нәтижеге негіз болатын себеп ретінде ұғынылады.

Құрылымдық-когнитивтік модель қазақ тіліндегі сөйлемдердің мағына құрылымын семантикалық рөлдер негізінде жүйелеуге мүмкіндік береді. Бұл модель генеративтік грамматика, когнитивтік лингвистика және рөлдік семантика теорияларын біріктіре отырып, сөйлеу әрекетін лингвистикалық, психологиялық және мәдени аспектіде сипаттауға жағдай жасайды. Осы арқылы қазақ тіліне тән ұғымдық құрылымдар, грамматикалық таңбалар және ұлттық ойлау тәсілдері когнитивтік модельде жүйеленіп, тіл мен сананың өзара байланысы айқындалады.

Семантикалық рөлдердің жиілігі

Зерттеу аясында қарастырылған 3000 сөйлем негізінде әрбір семантикалық рөлдің таралу жиілігі анықталды. Алынған статистикалық мәліметтер төмендегі кестеде берілген:

1-кесте – Қазақ тіліндегі семантикалық рөлдердің жиілік көрсеткіші (%)

Семантикалық рөл	Жиілік (%)
Агенс	86
Пациенс	68
Бенефициар	44
Каузатив	36
Локатив	51
Темпорал	39

Түсіндіру және талдау:

Агенс (86 %) қазақ сөйлемдерінде ең жиі кездесетін семантикалық рөл. Бұл көрсеткіш сөйлемдегі әрекетті бастаушы субъектінің, яғни бастауыштың маңыздылығын айқындайды. Пациенс (68 %) екінші орында тұр; бұл әрекет объектісінің кең таралғанын байқатады. Тілдік құрылымдарда тура толықтауыштар арқылы пациенс-объектінің көрініс табуы жиі ұшырасады.

Бенефициар (44 %) және локатив (51 %) рөлдері орташа жиілікте қолданылады. Бұл олардың сөйлеу контексі мен сөйлемнің прагматикалық мақсатына қарай икемді түрде іске асатынын көрсетеді. Темпорал (39 %) және каузатив (36 %) рөлдері салыстырмалы түрде сирек кездеседі. Олар көбінесе мәтінмен мен ақпараттық мәннің өзгеруіне байланысты нақты уақыттық немесе себеп-салдарлық акцент беру қажет болғанда жұмылдырылады.

Осылайша, жиілік деректері қазақ тіліндегі сөйлем құрылымында агенс пен пациенстің жетекші рөл атқаратынын, ал бенефициар, каузатив, локатив және темпорал рөлдердің прагматикалық контексте тәуелді қызмет атқаратынын айқын көрсетеді. Бұл нәтижелер грамматикалық құрылымды семантикалық функциялармен тең дәрежеде қарастыру қажеттігін айғақтайды.

2-кесте – Қазақ тіліндегі семантикалық рөлдер және олардың синтаксистік-грамматикалық қызметтері

Семантикалық рөл	Синтаксистік қызметі	Грамматикалық форма (септік/құрал)	Мысал
Агенс	Бастауыш	Атау септік	Мұғалім оқушыларды марапаттады.
Пациенс	Тура толықтауыш	Табыс септік	Ол кітапты оқыды.
Бенефициар	Жанама толықтауыш	Барыс септік	Абай Дәрменге домбырасын берді.
Каузатив	Себеп пысықтауыш	Шығыс септік, шылау тіркесі (-нан, -себептен, арқасында)	Жаңбырдан кейін көшелер суға толды.
Локатив	Мекен пысықтауыш	Жатыс, шығыс, көмектес септіктері	Кітапханада оқыды; ауылмен қоштасты.
Темпорал	Уақыт пысықтауыш	Үстеулер, уақыт мәнді сөз тіркестері	Танертең келді; көктемде гүлдер ашылды.

Бұл кесте арқылы әрбір семантикалық рөлдің грамматикалық таңбалануы мен синтаксистік қызметі айқын көрінеді.

Қазіргі компьютерлік лингвистика саласында семантикалық рөлдерге сүйенетін машиналық модельдер кеңінен қолданылып келеді. Бұл модельдердің басты теориялық негізі ретінде генеративті семантика бағыты танылады. Генеративті семантиканың негізгі тұжырымы бойынша сөйлемнің мағынасы терең құрылым деңгейінде қалыптасады, ал оның синтаксистік көрінісі сол мағынаның үстірт репрезентациясы ретінде түсіндіріледі [3, 114-6.; 4, 128-6.].

Мысалы, D. Cai мен M. Lapata ұсынған көпдеңгейлі нейрондық модель сөйлем ішіндегі аргументтерді анықтау және оларды мағыналық рөлдермен сәйкестендіру үдерісін бір уақытта үйретуге негізделген. Бұл тәсіл сөйлемнің терең мағыналық құрылымын дәл әрі икемді түрде тануға мүмкіндік береді [8, 3882–3887-66.].

Сол сияқты A. Daza мен A. Frank әзірлеген көптілді X-SRL моделі бірнеше тілдегі сөйлемдерді салыстыра отырып, семантикалық рөлдердің әмбебап сипаттарын айқындауға бағытталған. Мұндай әдіс тілдерлік

семантикалық репрезентациялардың бірізділігін зерттеуде маңызды құрал ретінде бағаланады [9, 1753–1758-бб.].

Н. Fei және әріптестері рөлдерді тануда синтаксистік және тәуелділік құрылымдарды үйлестіре отырып, оның дәлдігін жақсартатын жаңа тәсілді ұсынады. Олардың моделі сөйлемнің құрылымдық және мағыналық деңгейлерін тиімді біріктіре отырып, семантикалық рөлдердің сапалы репрезентациясын қамтамасыз етеді [10, 4982–4987-бб.].

D. Marcheggiani мен I. Titov жасаған синтаксистік тәуелсіз нейрондық модель семантикалық рөлдерді анықтауда дәстүрлі синтаксистік құрылымдарға сүйенбей-ақ жұмыс істейді. Бұл үлгі тілдік құрылымға тәуелсіз мағыналық байланыстарды тануға мүмкіндік беріп, SRL (Semantic Role Labeling) әдістерінің икемділігін арттырады [11, 1506–1510-бб.].

Семантикалық рөлдерді когнитивтік құрылыммен ұштастыру бағытында M. Alam және әріптестері ұсынған TakeFive жүйесі ерекше орын алады. Бұл жүйе семантикалық рөлдерді ұғымдық білім графтарымен байланыстырып, тек тілдік деңгейде ғана емес, онтологиялық және прагматикалық деңгейде де мағыналық байланыстарды модельдеуге мүмкіндік береді [12, 1217–1225-бб.].

Когнитивтік семантика аясындағы соңғы зерттеулерде (мысалы, T. Pala) семантикалық рөлдер адамның өмірлік тәжірибесімен, мәдени танымымен және ұғымдық схемаларымен тығыз байланыста қарастырылады. Мұнда семантикалық рөлдер ұғымдық фреймдердің ішкі мағыналық компоненттері ретінде әрекет иесі (агенса), әрекеттің объектісі (пациенс), себеп (каузатив), уақыт (темпорал), орын (локатив) сынды категориялар арқылы сипатталады [13, 107–111-бб.].

Осылайша, алынған нәтижелер қазақ тіліндегі семантикалық рөлдердің морфо-синтаксистік көріністерін, сондай-ақ олардың когнитивтік және генеративтік семантикалық модельдермен ұқсастығы мен айырмашылықтарын айқындауға мүмкіндік береді. Бұл қазақ тілінің синтаксистік табиғатын компьютерлік өңдеу жүйелеріне бейімдеу жолындағы маңызды ғылыми қадам ретінде бағалануға негіз береді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы «Үздіксіз білім берудегі халықаралық және ұлттық стандарттарға сәйкес лингвокоммуникация мен нейролингвистика негізінде мемлекеттік тілді деңгейлік меңгертудің әлеуметтік-педагогикалық парадигмасы» (BR28713427) аясында жарияланды.

Қорытынды

Бұл зерттеуде қазақ тіліндегі генеративтік семантикалық рөлдер когнитивтік-грамматикалық және прагматикалық тұрғыдан кешенді түрде талданды. Зерттеу барысында сөйлем құрылымындағы мағыналық рөлдердің

(агенс, пациенс, бенефициар, каузатив, локатив, темпорал) морфо-синтаксистік таңбалану үлгілері мен ұғымдық репрезентациясы айқындалып, олардың сөйлеу актісіндегі функционалдық қызметі нақты мысалдармен дәлелденді.

Аталған рөлдердің қазақ тіліндегі көрінісі агглютинативті тілдік жүйенің ерекшеліктеріне сай әртүрлі септік формаларымен, сөз тәртібімен және лексика-грамматикалық құрылымдармен таңбаланатыны анықталды. Зерттеу нәтижелері агенс пен пациенс рөлдерінің жоғары жиілікпен қолданылатынын, ал темпорал мен каузатив рөлдерінің мәтінмәнге тәуелді прагматикалық қызмет атқаратынын көрсетті. Сонымен қатар сөйлем құрылымын модельдеу арқылы мағыналық рөлдердің санадағы репрезентациясы мен ұлттық таныммен байланысы жүйеленді.

Зерттеу нәтижесінде ұсынылған семантикалық рөлдер моделі қазақ тілінің ұғымдық-семантикалық құрылымын когнитивтік және генеративтік тұрғыдан жүйелі сипаттайды. Бұл модель болашақта автоматтандырылған тіл өңдеу жүйелерінде (мысалы, семантикалық парсерлер, интеллектуалды іздеу жүйелері, мәтінді өңдеу платформалары) қолдануға негіз бола алады. Аталған бағыттағы жұмыстар қазақ тілінің цифрлық ресурстарын кеңейтуге, сондай-ақ семантикалық талдау әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Курманбайұлы, Ш.** Терминология және аударма мәселелері [Мәтін]. – Алматы: ҰҒА баспасы, 2010. – 248 б.

2 **Lakoff, G., Johnson, M.** Metaphors We Live By [Мәтін]. – Chicago : University of Chicago Press, 1980. – 242 p.

3 **Jackendoff, R.** Semantic Structures [Мәтін]. – Cambridge, MA : MIT Press, 1990. – 312 p.

4 **Chomsky, N.** Aspects of the Theory of Syntax [Мәтін]. – Cambridge, MA : MIT Press, 1965. – 251 p.

5 **Federen, E., Doughty, J.** Language Processing in the Brain: Evidence from fMRI Studies [Мәтін] // Trends in Cognitive Sciences. – 2009. – Vol. 13(4). – С. 142–149. <https://doi.org/10.1016/j.tics.2009.01.005>

6 **Жубаева, О.** Когнитивтік семантика: ұлттық әлем бейнесі және тілдік репрезентация [Мәтін]. – Алматы : Қазақ университеті, 2014. – 196 б.

7 **Palmer, M., Gildea, D., Xue, N.** Semantic Role Labeling [Мәтін]. – Morgan & Claypool Publishers, 2011. – 103 p. <https://doi.org/10.2200/S00393ED1V01Y201009HLT010>

8 **Cai, D., Lapata, M.** Syntax-aware Semantic Role Labeling without Parsing [Мәтін] // Proceedings of the 57th Annual Meeting of the Association for

Computational Linguistics. – 2019. – P. 3882–3892. – <https://doi.org/10.18653/v1/P19-1380>

9 **Daza, A., Frank, A.** Translate and Label! An Encoder-Decoder Approach for Cross-Lingual Semantic Role Labeling [Мәтін] // Proceedings of the 2020 Conference on Empirical Methods in Natural Language Processing (EMNLP). – 2020. – P. 1753–1768. <https://doi.org/10.18653/v1/2020.emnlp-main.137>

10 **Fei, H., Qian, S., Huang, X., et al.** A Two-stage Framework for Semantic Role Labeling [Мәтін] // Neural Computing and Applications. – 2021. – Vol. 33. – P. 4981–4992. <https://doi.org/10.1007/s00521-020-05341-3>

11 **Marcheggiani, D., Titov, I.** Encoding Sentences with Graph Convolutional Networks for Semantic Role Labeling [Мәтін] // Proceedings of EMNLP 2017. – 2017. – P. 1506–1515. <https://doi.org/10.18653/v1/D17-1159>

12 **Alam, M., Shenoy, A., Sheth, A.** TakeFive: Ontology-Enriched Frame-Semantic Parsing [Мәтін] // Proceedings of NAACL-HLT 2021. – 2021. – P. 1217–1229. <https://doi.org/10.18653/v1/2021.naacl-main.97>

13 **Pala, T.** Cognitive Frames in Cross-Cultural Discourse: Theoretical Developments and Applications [Мәтін]. – Berlin : De Gruyter Mouton, 2025. – 228 p.

REFERENCES

1 **Kurmanbaiuly, Sh.** Terminologiya zhane audarma maseleri [Terminology and Translation Issues] [Text]. – Almaty: UGA baspasy, 2010. – 248 p.

2 **Lakoff, G., Johnson, M.** Metaphors We Live By [Text]. – Chicago : University of Chicago Press, 1980. – 242 p.

3 **Jackendoff, R.** Semantic Structures [Text]. – Cambridge, MA : MIT Press, 1990. – 312 p.

4 **Chomsky, N.** Aspects of the Theory of Syntax [Text]. – Cambridge, MA : MIT Press, 1965. – 251 p.

5 **Federen, E., Doughty, J.** Language Processing in the Brain: Evidence from fMRI Studies [Text]. Trends in Cognitive Sciences, 2009, Vol. – 13(4). – P. 142–149. <https://doi.org/10.1016/j.tics.2009.01.005>

6 **Zhubaeva, O.** Kognitivtik semantika: ulttyk alem beinesi zhane tilik reprezentatsiya [Cognitive Semantics: National Worldview and Linguistic Representation] [Text]. – Almaty : Kazak universiteti, 2014. – 196 p.

7 **Palmer, M., Gildea, D., Xue, N.** Semantic Role Labeling [Text]. – Morgan & Claypool Publishers, 2011. – 103 p. – <https://doi.org/10.2200/S00393ED1V01Y201009HLT010>

8 **Cai, D., Lapata, M.** Syntax-aware Semantic Role Labeling without Parsing [Text]. Proceedings of the 57th Annual Meeting of the Association for Computational Linguistics, 2019. – P. 3882–3892. <https://doi.org/10.18653/v1/P19-1380>

9 **Daza, A., Frank, A.** Translate and Label! An Encoder-Decoder Approach for Cross-Lingual Semantic Role Labeling [Text]. Proceedings of the 2020 Conference on Empirical Methods in Natural Language Processing (EMNLP), 2020. – P. 1753–1768. <https://doi.org/10.18653/v1/2020.emnlp-main.137>

10 **Fei, H., Qian, S., Huang, X., et al.** A Two-stage Framework for Semantic Role Labeling [Text]. Neural Computing and Applications, 2021, Vol. 33. – P. 4981–4992. <https://doi.org/10.1007/s00521-020-05341-3>

11 **Marcheggiani, D., Titov, I.** Encoding Sentences with Graph Convolutional Networks for Semantic Role Labeling [Text]. Proceedings of EMNLP 2017. – P. 1506–1515. <https://doi.org/10.18653/v1/D17-1159>

12 **Alam, M., Shenoy, A., Sheth, A.** TakeFive: Ontology-Enriched Frame-Semantic Parsing [Text]. Proceedings of NAACL-HLT 2021. – P. 1217–1229. <https://doi.org/10.18653/v1/2021.naacl-main.97>

13 **Pala, T.** Cognitive Frames in Cross-Cultural Discourse: Theoretical Developments and Applications [Text]. – Berlin : De Gruyter Mouton, 2025. – 228 p.

06.07.24 ж. баспаға түсті.

03.10.25 ж. түзетулерімен түсті.

21.05.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Ф. Ш. Оразбаева¹, *А. Д. Рыскулова²*

^{1,2}Қазақський национальнй педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 06.07.24.

Поступило с исправлениями 03.10.25.

Принято в печать 21.05.26.

КОГНИТИВНО-ГРАММАТИЧЕСКИЕ МОДЕЛИ ГЕНЕРАТИВНЫХ СЕМАНТИЧЕСКИХ РОЛЕЙ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

В данной статье комплексно анализируются когнитивно-грамматические модели генеративных семантических категорий в казахском языке. Цель исследования – определить концептуальную репрезентацию основных семантических ролей (агенса, пациенса, бенефициара, каузатива, локатива, темпорала), функционирующих в структуре предложения, и охарактеризовать их прагматико-функциональные особенности. Объектом исследования выступают около 3000 предложений, отобранных из Национального корпуса казахского языка и письменных текстов различных жанров.

Методология исследования включает три этапа: на первом этапе систематизированы морфо-синтаксические маркировки семантических ролей на основе когнитивно-грамматического анализа; на втором этапе разработана схема соответствия между концептуальной структурой и синтаксической проекцией в рамках генеративной семантики; на третьем этапе произведён сопоставительный концептуальный анализ отечественных (А. Байтурсынулы, Ж. Манкеева, О. Жубаева, Ш. Курманбайұлы) и зарубежных (N. Chomsky, C. Fillmore, R. Jackendoff) исследований. В результате выявлены морфо-синтаксические особенности, концептуальные основания и связь семантических ролей с национальным мировоззрением. В частности, роли агенса и каузатива маркируются в основном именительным и исходным падежами, а роли пациенса и бенефициара – винительным и дательным; локативные и темпоральные роли выражаются наречиями, деривационными аффиксами и обстоятельственными конструкциями. Предлагаемая структурно-когнитивная модель может служить теоретической основой для систематизации семантических ролей, концептуального описания структуры предложения и применения в будущих технологиях автоматической обработки языка.

Ключевые слова: семантические роли, когнитивная модель, структура предложения, морфо-синтаксис, генеративная семантика, концептуальная репрезентация, казахский язык, языковая маркировка.

*F. Sh. Orazbayeva¹, *A. D. Ryskulova²*

*^{1,2}Abai Kazakh National Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.*

Received 06.07.24.

Received in revised form 03.10.25.

Accepted for publication 21.05.26.

COGNITIVE-GRAMMATICAL MODELS OF GENERATIVE SEMANTIC ROLES IN THE KAZAKH LANGUAGE

This article provides a comprehensive analysis of the cognitive-grammatical models of generative semantic categories in the Kazakh language. The aim of the study is to identify the conceptual representation of the primary semantic roles (agent, patient, beneficiary, causative, locative, temporal) that function within sentence structures and to describe their pragmatic-functional characteristics. The research is based on

approximately 3,000 sentences selected from the Kazakh National Corpus and various written texts of different genres. The methodology consists of three stages: the first stage systematizes the morpho-syntactic markers of semantic roles through cognitive-grammatical analysis; the second stage presents a structural scheme of correspondence between conceptual structure and syntactic projection within the framework of generative semantics; the third stage involves a comparative-conceptual analysis of both Kazakhstani (A. Baitursynuly, Zh. Mankeyeva, O. Zhubayeva, Sh. Kurmanbaiuly) and foreign (N. Chomsky, C. Fillmore, R. Jackendoff) studies. The findings reveal the morpho-syntactic characteristics, conceptual bases, and connections of semantic roles with Kazakh national worldview. Specifically, agent and causative roles are mainly marked by the nominative and ablative cases, while patient and beneficiary roles are marked by accusative and dative cases; locative and temporal roles are expressed through adverbs, derivational affixes, and adverbial structures. The proposed structural-cognitive model can serve as a theoretical foundation for the systematization of semantic roles, conceptual description of sentence structures, and future applications in automated language processing technologies.

Keywords: semantic roles, cognitive model, sentence structure, morpho-syntax, generative semantics, conceptual representation, Kazakh language, linguistic marking.

Теруге 21.05.2026 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2026 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,73 МБ RAM

Шартты баспа табағы 49,0. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4553

Сдано в набор 21.05.2026 г. Подписано в печать 30.06.2026 г.

Электронное издание

6,73 МБ RAM

Усл. печ. л. 49,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4553

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz